

Оқу материалы құрылымының логикасын жазбаша түрде бағалайды. Сонымен қатар ішкі немесе сыртқы критерийлерге сүйеніп, оқу материалының маңыздылығын, жасалған шешімдер мен қорытындылардың берілген фактілерге сәйкестігін анықтайды.

Қазақстан тарихын мектепте оқыту Қазақстан тарихын көне заманнан бүгінге дейін мекендеп келген халықтың, адамзаттың тарихи жолын, тарихи білімдер негізін игеруге, оқушылардың санасында ұлттық бірлікті қалыптастыруға, азаматтық пен елжандылыққа, өз халқының келісім мен төзушілікке тәрбиелеуге, өз халқының және басқа халықтардың тарихын, мәдениетін құрметтеуге және жеке тұлғаның қалыптасып дамуына септігін тигізеді [5].

Жас қазақстандықтарға патриоттық тәрбие беруде білім беру ісінің инновациялық дамуына ерекше орын бергеніміз жөн. Бұның өзі оқытудың интерактивті әдістері мен жаңашыл технологияны оқу үрдісіне кеңінен қолдануға жағдай жасайды, жаңаша оқыта алатын білімдер ұстаздарды қажет етеді. Осы орайда, тарихты оқыту барысында оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін меңгеру, педагогикалық технологияның қыр-сырын терең білу, оны күнделікті сабақта өз тәжірибесінде пайдалана білудің орны ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан <http://adilet.zan.kz>

2. Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 32 бұйрығы <http://adilet.zan.kz>

3. Білім мазмұнын жаңарту аясында (5 - 9 шы сыныптарда) «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Астана., 2019. // <https://nao.kz>

4. Проектирование педагогических целей, ориентированных на результат: таксономический подход Виктория Булатова, Центр социальной интеграции, Информационно-методический вестник о многоязычном и поликультурном образовании в странах Центральной Азии. Кыргызстан, г. Бишкек. Диалог. июль – сентябрь 2016. №16. <https://e-history.kz>

**Ақмашова А.М., Рымбек Т.А.,** Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, машина жасау факультеті, НВП-19-1 тобының студенті  
(Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Байжуманова Н.С.)

## **ЖАСТАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА «ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІНІҢ МАҢЫЗЫ МЕН РОЛІ**

Жастардың бойында қазақстандық патриотизм қалыптастыру үшін әр ұлттар мен ұлыстар тек өз мәдениетін ғана танып білуі жеткіліксіз, сонымен қатар олар бір-бірін танып біліп, құрметтеуі тиіс. Сонымен қатар, мектеп оқушылары қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрі мен әдіт-ғұрыптарын өз болмысында еш бұрмалаусыз танып, білуі шарт. Мектепте оқушылардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда ана тілінде (мемлекеттік) жүргізілетін барлық пәндердің алатын орны ерекше. Отанды сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобланды, Қамбар, Ер Тарғын, Алпамыс тұлғалары, ақын-жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүюге шақырған өлең-жырлары, шешендік сөздер мен А.Құнанбаевтың қара сөздері оқушылардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда маңызы өте зор. Бұл аталғандардың барлығы мектеп қабырғасындағы патриоттық сезімді қалыптастырудың алғашқы баспалдағы деуге болады.

Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ерекшеліктер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туыскандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Қасиетті сезім ананың сүтімен бірге өзінен-өзі келмейтін баланың бойында біртіндеп қалыптасатын құдіретті сезім. Бұл сезім әркімде әр кезеңде оянып, кейін тәжірибемен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, балабақша, отбасы, мектеп, жоғарғы оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар әсерімен қалыптасады. Патриоттық сезім

тәрбие арқылы өсіп, жетіліп патриоттық сана түрінде қалыптасады. Сондай-ақ жеке адам өз ұлтының қасиеттерін бойына сіңіруі керек.

Отансүйгіштік – қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуға мүмкіндік беретін бірден-бір күш. Өз Отанын сүю, ата заңды білу, еркін өмір сүруін қамтамасыз ету – қай елдің болсын мақсаты. Бұл қасиеттерді орындау үшін әрбір саналы азамат оны бойына сіңіріп дамытуға тиіс.

Қазақтың патриоттық, отансүйгіштік тәрбиесі – тереңнен тамыр тартқан, халқымыздың сан ғасырлық болмысының, дүниетану көзқарасының ақыл ойы, салт-дәстүр мәдениетінің көрінісі. Осыларды бойға дарытпайынша, келер ұрпақты патриоттық отансүйгіштік тәрбиеге лайықты қалыптастырмайынша алтын бесік елін, кіндік кескен жерін қорғайтын және осы мақсат жолында бар күш-жігері мен қайратын жұмсайтын отаншыл азаматтарды, яғни нағыз патриоттарды тәрбиелеп шығару мүмкін емес.

Елбасы Н.Назарбаевтың [1] қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу ісінің жана мемлекеттік идеологияның аса маңызды міндеттерінің бірі ретінде алға тартуының сыры да осында жатыр. Ал оны елдің туын, елтаңбасын, әнұранын қастерлеуден, заңды, өкіметті құрметтеуге тәрбиелеуден бастау керек. Патриоттық тәрбие арқылы біз Отанына берілген, қайырымды, халқының салт-дәстүрлерін, мәдениетін, экономикалық және саяси қуатын қорғай білетін, қоғамға қажетті игілікті өндіруге белсене қатысатын ынталы білікті жастарды тәрбиелейміз.

Жастарды әскери-патриоттық тәрбиенің теориясы мен практикасын меңгеруге тәрбиелеу, оларды әскери қызметке, өз Отанын қорғауға жан-жақты дайындау – маңызды, өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Осы орайда, жоғары оқу орнында 6В01401 «Бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламасы бойынша даярланатын студенттерге «Әскери-патриоттық тәрбие негіздері» пәнінің алатын орны ерекше. Себебі, бұл пән қазіргі уақытта жастардың бойындағы патриоттық рухты жігерлендіріп, олардың патриоттық сезімдерін қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Әскери-патриоттық тәрбие негіздері – бастапқы әскери дайындық бакалавры мамандығы бойынша студенттерді даярлаудағы негізгі пәндердің бірі. Пән базалық пәндер циклының, таңдау бойынша компонентіне енеді. «Әскери-патриоттық тәрбие негіздері» бойынша бағдарлама оқу орнындағы студенттерді әскери патриоттық тәрбиелеудің әдістемелік және идеялық-теориялық бағыты болып табылады. Жастарды ҚР Қарулы күштерінде қызмет етуге адамгершілік-саяси, психологиялық, әскери техникалық және дене дайындығын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді [2].

*Пәннің мақсаты* – жоғары оқу орнындағы студенттерді әскери-патриоттық тәрбиелеуде әдістемелік және идеялық-теориялық бағытын қамту; әскери-патриоттық тәрбиенің ерекшеліктерін көрсете отырып, маңызын ұйғарту болып табылады. Сонымен қатар жастарды ҚР Қарулы күштерінде қызмет етуге шақыру, адамгершілік-саяси, психологиялық, әскери-техникалық және дене дайындығын ұйымдастыруда маңызды орын алады.

*Пәннің міндеттері:*

- әскери-патриоттық тәрбиенің теориясы және практикасымен студенттерді қаруландыру;
- ұстаз мамандығының ерекшелігі туралы түсінік беру;
- орта және арнайы орта білім беру мектептерінде әскери жетекші лауазымында оқу және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру мен өткізу біліктілігін шыңдау;
- әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарының түрлері мен формаларын білу;
- Отансүйгіштікке тәрбиелей отырып, патриоттық сезімдерін ояту, т.б.

*Пәннің төңірегінде қарастырылатын сұрақтар:*

- Патриоттық – әлеуметтік өмірдің құбылысы ретінде;
- Әскери-патриоттық тәрбие беру әдістемесі;
- Әскери-патриоттық тәрбиенің қағидалары;
- Әскери-патриоттық тәрбиені қалыптастырудың әдістері;
- Әскери-патриоттық тәрбиенің формалары мен құралдары;
- ҚР-ның мемлекеттік концепциясының бірізділігінің қалыптасуы;
- Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру ерекшеліктері.

Жастарды әскери-патриоттық тәрбиенің теориясы мен практикасын меңгеруге тәрбиелеу, оларды әскери қызметке, өз Отанын қорғауға жан-жақты дайындау – маңызды, өзекті

мәселелердің бірі болып саналады.

Студенттер аталмыш пәнді оқу нәтижесінде білулері керек:

- жалпы білім беретін орта оқу орындары оқушыларының әскери-патриоттық тәрбие негіздерін;
- сабақ және сабақтан тыс уақытта әскери дайындық бойынша сабақ өткізудің түрлері мен әдістерін;
- жаппай қорғану және әскери спорттық жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу әдістемесін;
- «Қалқан», «Ұлан» және басқа да спорттық ойындарды ұйымдастыру, өткізу әдістемесін;
- орта мектептерде, колледждерде оқушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша іс-шараларды жоспарлап, оларды іске асыра білу;
- халықтың соғыс және еңбек даңқы орындары бойынша жорық (экскурсия) жасау;
- жауынгер-интернационалистермен, әскер мен флот жауынгерлерімен, соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесулер өткізу;
- теориялық конференциялар мен пікірталастар өткізу;
- әскери оқу орындарына түсетін үміткерлерді іріктеу және даярлау;
- әскери іс негіздерін оқу бойынша әскери-техникалық үйірмелерді ұйымдастыру және жүргізуге жетекшілік етуді іске асыру.

Аталған пән бойынша сабақтың негізіне студенттерге оқушыларды ҚР-ның Қарулы Күштеріне қызмет етуге даярлау әдістері мен тәсілдерін оқыту, оларда әскерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, өз Отанына мақтаныш сезімінің және оны қорғауға әрқашан дайын болу керек. Болашақ мамандарға әскери-патриоттық тәрбиені ұйымдастыру мен өткізуге қажетті әдістемелік білім мен біліктілік оқу орындарында, қорғану-спорттық сауықтыру лагерлерінде және сабақтан тыс уақыттарда шыңдалады [3].

Ел өміріндегі бірқатар мәселелерді шешу көп жағдайда азаматтық қоғамның даму деңгейіне, жоғары патриоттық сананың қалыптасуына, өз еліне деген мақтаныш сезімге, Отанының мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борышты орындауға дайындығын тәрбиелеуге байланысты. Елін сүйу, Отанын қорғау қашаннан ер жігіттің парызы болған. «Отаншыл сезім жас ұрпақ бойына қайдан беріледі? «Отан отбасынан басталады» - дейтін халықтың ұрпағы бұл сенімнен шыға алып жүр ме? Қазіргі күні жастарымыздың бойындағы отаншыл рух, патриоттық сезім қай деңгейде?» деген сауалдардың бізді ойландыруы заңдылық.

Жеке тұлғаның әлеуметтенудегі негізгі бағыттың бірі жеке адамның Отанмен сәйкестігі болып табылады. Бұл ретте «Отан» ұғымы адамның туған жерімен, жақындарымен және туыстарымен ғана шектелмейді, сонымен қатар эмоциялық-психологиялық сезімдер (махаббат, патриотизм, шынайы берілгендік, ұлттық мақтаныш сезімдері және басқалар) қырынан да ұғынылады. Көпшілік адамдардың санасында өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру тек әскери борышын орындау деп ұғынылуы оның мазмұн аясын тарылта түседі.

Бүгінгі күні балалар мен жастардың патриоттық тәрбиесі ой-сананы, өз Отанына деген адалдық пен берілгендік сезімін қалыптастыру, азаматтық борыш пен негізгі конституциялық міндеттерді орындауға деген дайындық талаптарына толығымен сай келе бермейді. Атқарылып отырған жұмыс еліміздің азаматтарының бойында патриоттық сананы қалыптастыру жөнінде стратегиялық міндеттерді толықтай кешенді шешуді қамтамасыз ете алмайды.

Әлемде азаматтардың бойында ұлттық нышандарға – туға, елтаңбаға, әнұранға, ұлттық мерекелерге патриоттық сезімді, оларға құрметпен қарауды мақсатты түрде қалыптастырып отырған дамыған елдер аз емес. Көптеген елдерде мемлекеттік нышандар мемлекеттің оң бейнесін жасаудың негізі ретінде пайдаланылады, ұлттық мақтаныштың белгісі болып табылады, патриоттық сезім мен ерік-жігерді танытудың нысанасы ретінде пайдаланады. Мемлекеттік нышандардың көмегімен азаматтар бойына еліне деген мақтаныш пен патриоттық сезім дәйекті де табанды тәрбиеленеді [4].

Елдің азаматын тәрбиелеудегі тежемелі факторлардың қатарында патриотизм мен демократиялық нанымдарды нысаналы қалыптастыру үшін жаңа қазіргі заманға технологияларды пайдалануға қабілетті, біліктілігі жоғары мамандардың жеткіліксіздігін, азаматтарға патриоттық тәрбие беру жөніндегі әлеуметтік технологияларды әзірлеуде жеткілікті тәжірибесі бар гуманитарлық бейіндегі ғылыми-зерттеу ұйымдарының аздығын атаған жөн.

Өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің қазіргі мәселелерін шешу үшін тұтастай

алғанда тәрбиеге принципті түрде жаңа тұрғы қажет. Ел бейнесін және Отанымен ажырағысыз байланыс сезімін мемлекет пен қоғам түрлі тетіктер мен институттар, ең алдымен, білім беру арқылы қалыптастырады. Осыған орай, білім алушыларды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу, елдің мемлекеттік нышандарын танымал етуді қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа білім беру мекемелері мен ұйымдарын белсенді түрде тарту қажет.

Білім беру ұйымдарында қазіргі заманғы қазақстандық қоғамдық және мәдени шындықтарға негізделген дүниетаным мәдениеті мен төзімділігі жөніндегі сапалы, мазмұны жағынан тиімді ақпараттық-дидактикалық материалдардың жеткіліксіздігін, балалар мен жастарға арналған, олардың санасында патриоттық сезімді, өз Отанына деген сүйіспеншілікті оятуға, өз Отанына пайда келтіру ұмтылысын тудыруға ықпал ететін кітаптардың аздығын атап өткен жөн. Балалар мен жастарға арналған кітаптар негізінен батыстық мұрағаттар мен құндылықтарды насихаттауға бағдарланған түсінікті қалыптастырады.

Әскери-патриоттық тәрбие – азаматтардың, әсіресе жоғарғы сынып оқушыларының, студенттердің, әскерге шақырылғанға дейінгі және әскердегі жастардың бойында жоғары патриоттық сезімді, өз Отанына деген берілгендік сезімдерін тәрбиелеуді қалыптастыру жөніндегі маңызды бағыттардың бірі.

Әскери-патриоттық тәрбие жастардың бойында патриоттық сезім мен азаматтықты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі жұмыстың пәрменділігін арттыру үшін – әскери бөлімдер жеке құрамымен, Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен және жергілікті соғыс ардагерлерімен кездесулер ұйымдастырылып, азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру кезеңінде қорғаныстық-бұқаралық жұмыс айлықтары өткізіліп тұрады [5].

Мектепте оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру тек қана 10-11 сыныптарда өтілетін алғашқы әскери-дайындық сабағында ғана емес, сонымен қатар, барлық сынып оқушыларына сыныпта және сыныптан тыс өтілетін іс-шаралар арқылы беріледі. Сондай-ақ мектеп оқушыларының патриоттық сана-сезімін ояту мақсатында түрлі тақырыптарды тәрбиелік іс-шаралар, тақырыптық кештер, саяхаттар, кездесулер, көрмелер ұйымдастыруға болады. Мектепте әскери-патриоттық іс-шаралар әр оқу жылы басында жоспарланып, өткізіліп отырады. Ұлы Отан соғысы, Ауған соғысы, тыл ардагерлерімен, қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқарма қызметкерлерімен, әскери қызметтегі мектеп түлектерімен кездесулер, кештер ұйымдастырылып, оқушыларға патриоттық тәрбие беру жоспарлы жүргізіледі.

Ел боламын деген мемлекеттер ең алдымен ұрпақ тәрбиесін бірінші орынға шығарған еді ғой. Ұл болашағы, ұрпақ тәрбиесінің дінгегі хақ дініміз исламда жатыр. Хадисте де, қасиетті Құран Кәрімде де отансүйгіштік туралы көп айтылады. Осыны санасына құйып өскен жас ертең өз Отанының нағыз патриоты болып шығатыны анық. Әйтпесе, бөгде ағымдардың жетегіне еріп, Отан қорғаудан жалтаратын жастардың саны уақыт санап өсе беретіні кәміл. Кеудесіне «бұл менің елім, менің жерім» дейтін сенім ұялата білген жас қана өз елінің шынайы патриоты бола білмек. Ол үшін «баланы жастан» дейтін халық даналығын естен шығармасақ болғаны. Жас ұрпақты патриоттық, отансүйгіштік рухта тәрбиелеу еліміздің өсіп-өркендеуі үшін қызмет ететіні еш күмән туғызбайды.

Қазақ халқы – намысты қолдан жібермеген ержүрек, батыр халық. Батыр халықтың ұрпағы екенімізге мақтана отырып, ата-бабаларымыздан келе жатқан ұлттық дәстүрімізді жалғастыру, «Отан үшін жан пида» деген аталы сөзді ұлықтау – біздің басты мақсатымыз болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2012 жылғы 1 желтоқсанындағы «Қазақстан-2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауы
2. Рамашов Н.Р., Иманбетов А.Н. Әскери патриоттық тәрбие негіздері: Оқу-әдістемелік құралы. – Қарағанды: «Арко», 2013. – 105 б.
3. Әскери-патриоттық тәрбие негіздері. Типтік оқу бағдарламасы. / Авторлар Каргин С.Т., Садықов Қ.И., т.б. – Қарағанды, 2016. – 18 б.
4. Есхожинова С.К. Патриоттық тәрбие берудің педагогикалық негіздері // Білім көкжиегі. – 2016. – №11. – Б. 36-38.
5. Отарбаев Б.Ә. Оқу-тәрбие үрдісіндегі патриоттық тәрбиенің маңызы // Алғашқы әскери дайындық. Өмір қауіпсіздігі негіздері. – 2014. – №3. – Б.2-4